

Үш тілділік – заман талабы

АХМЕТОВА САМАЛ ЕРСАИНОВНА
БҚО Орал қаласы № 42 "Ақ ниет" гимназиясының
информатика пәні мұғалімі

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Сол тілді насихаттау әр азаматтың борышы деп білемін. Заман талабына сай бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етуде.

Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ.

Ал, ана тілін жақсы білмейінше, сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмаймыз.

Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, өз халқы мен басқа халықтардың дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау керек, яғни полимәдениетті тұлға қалыптастыру керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстандағы тілдердің үш тұғырлығы туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассемблеясында айтқан. 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында Елбасы «Тілдердің үштұғырлығы» - «Триединство языков» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды.

Тілдердің үштұғырлығы идеясында Елбасы оған нақты анықтамасын берген, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі.

Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, ақпараттық технологияның, компьютер технологиясының кілті деуге болады. Бүгінгі әлемде мыңдаған адамдар шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін жұмыста немесе оқуда пайдаланады және ана тілі ретінде меңгереді. Қазіргі заманда ағылшын тілі «21 ғасырдың», халықаралық бизнес, қазіргі ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болды.

Ағылшын тілін оқып – үйренемін деушілердің саны күннен – күнге көбеюде.. Бұл сайып келгенде, шет тілін, соның ішінде ағылшын тілін мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесінің жаңа бетбұрыстарды қажет екендігін тудырады. Қазіргі уақытта, ағылшын тілін меңгерудің талабы жоғары болғандықтан, ағылшын тілін тереңдетіп үйренуге арналған арнайы мектептер, гимназиялар, колледждер көптеп ашылууда.

Бүгінде осы үштілділікті қолдау, қолдану мақсатында мен, мұғалім ретінде өз үлесімді қосудамын, оқушыларға аталған жаңа талаптарға сай білім беруге ат салысып келемін.

Үштілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік.

Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Менің ұлтым – қазақ. Ең бірінші өзімнің ана тіліміне деген құрметті оқушылар бойларына сіңіре отырып, ағылшын тілін меңгеруге үлесімді қосудамын.

№ С00055 07.06.2021 ж

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

КУРБАНБЕКОВА ГУЛЖАНАР АЛИМХАНОВНА

*Түркістан қаласы Некрасов атындағы № 9 мектеп-гимназиясының
бастауыш сыныптар мұғалімі*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген. Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделіп жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді.

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін. **Қызығушылықты ояту** кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын. **Мағынаны ашу**– кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Сондықтан оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын. Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы. **Ой толғау**-кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді. Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді. Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады. Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын.

«INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді.

Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды.

"Жауапқа сұрақ" әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі , жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді. Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын. Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады.

№ C00056 09.06.2021 ж

Киім дүкені

ЧАПЫГЫЕВА ТУРГАНАЙ АБЫЛКАСЫМОВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Ақсу шағын ауданы
№ 12 «Рахат» бөбекжайының тәрбиешісі

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Киім дүкені» Жасы: 3-4

Мақсаты: балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Үш-төрт сөздермен сөйлем құратып, сөздік қорын дамыту. Ұқыптылыққа баулу.

Алдын –ала жұмыс: киім, киім туралы әңгімелесу

Сөздік жұмыс: Киім

Дидактикалық құралдар: Игровизор, ұл бала және қыз бала бейнеленген сурет, қуыршақтың киімдері.

Іс-әрекет кезеңдері

Тәрбиешінің басқарымдық әрекеттері Балалардың іс-әрекеті

I - кезең мотивациялық қозғаушы

Балаларды жартылай шеңберге отырғызып, бір-біріне жақсы сөздер айтуды ұсынады.

Суретке көңіл аударып, ұл баланың киімдерін және қыз баланың киімдерін атайды.

Суреттегі киімнің атын атайды.

-Балалар, қане, бәріміз үстіміздегі киімдердің аттарын айтайықшы.

-Данара сенің үстінде қандай киімдер бар? Данияр, сенің үстінде қандай киімдер бар?

-Әдемі бол, жақсы бол, үлкен бол, ақылды бол! Балалар тәрбиешінің көмегімен жақсы сөздер айтады. Суретке қызығушылық танытады. көйлек, жейде т.б.

Қысқы, жазғы киімдерді ажыратуға тырысады.

Ұл балада қандай, қыз балада қандай киім болатынын атайды. Балалар үстеріндегі киімдерді қуанышпен жарыса айтуға тырысады. **II - кезең**

Мотивациялық қозғаушы.

Балаларға қуыршақтар таратып беріп, бүгін киімдер дүкеніне баратынын айтады. «Киімдер дүкенінен» қуыршақтарына киім сатып алып берулерін өтінеді.

Сергіту сәті

Балалар дүкенге келіп:

-Мен мына киімді аламын, -деп сатып алады. Қандай киім сатып алғанын, оны не себепті алғанын, (ұл баланың, қыз баланың киімін) және түстері туралы әңгімелейді.

-Мен көйлек кигіземін, себебі қуыршағым қыз бала. Көй Көйлегі әдемі.

-Мен шалбар кигіземін, өйткені қуыршағым ұл бала. Осылайша қандай киім алғанын, қандай киім кигізгенін, әңгімелеуге тырысады.

Бір, екі, үш деп, Алақанда соғамыз. Жоғары-төмен қарай табамыз.

Қимыл-қозғалыстармен орындайды.

Игровизор арқылы қыз бала және ұл баланың киімдерін өз –өзіне сызықтармен сызып көрсетеді.

III- кезең

Рефлексивті-түзеуші

Тәрбиеші не істегендерін сұрайды. Балаларға сөйлеуге, тіл байлықтарын дамытуға көмектеседі. Әңгімелеуге талпынғандарын бағалайды. Сыйлық жасайды. (смайлк береді) Балалар дүкенге барғандарын киімдер сатып алғанын, сергіту сәтін жасағандарын және игровизормен жұмыс жасағандарын айтады. Сыйлыққа балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: киімдерді сипаттай алуды;

Түсінеді: жазғы және қысқы киімдерді ажыратуды;

Қолданады: 2-3 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыруды.



Эссе: Мамандығыммен - мақтанамын!

ДАРҒАБАЕВА МЕРЕКЕ ЕСИМБЕКОВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
№20 «Ақбұлақ» бөбекжайының тәрбиешісі*

Тәрбиеші — балабақшаны бақша деп алып, келген бала гүл болса, онда ол сол гүлді баптап, күтіп, барлық жәндіктер мен құстардан қорғайтын бағбан. Гүліміз бала, бағбанымыз тәрбиеші. Балаға бағыт- бағдар, тәлім-тәрбие беретін отбасынан кейінгі екінші анасы.

Топтағы әрбір бала бір ашылмаған сыр,құпия. Әр баланың мінезі әр түрлі. Бір бала жылдам болса, екінші бала баяу, барлық нәрсені байыппен жасағанды жақсы көретін келеді. Ал үшінші бала болса өзімен-өзі отырғанды жаны сүйетін болып келеді. Оқу- инемен құдық қазғандай десе, тәрбие де инемен құдық қазғандай деп айтуға болады. Себебі жоғары да айтып өткендей әр баланың көңілінен жол табу ол бір үлкен ғылым дейтін болсақ, онда тәрбиеші ол-ғалым болып саналмайды ма?

Сол үшін тәрбиеші әр баланың жас ерекшелігіне, мінез-құлқына қарай бейімделіп, онымен бірге бала болып сөйлесіп, бала болып ойнап, бала болып күлу ол оңай емес, ол үлкен шеберлікті қажет ететін жұмыс.

Абай атамыз айтқандай «жас бала анасынан туғанда екі мінезбен туады, біріншісі- «ішсем, жесем, ұйықтасам, ойнасам» болса, ал екіншісі, «білсем, көрсем, қарасам, ұстасам , ол немене? Ол кім екен?» деген қызығушылығы тұрады. Мұның бәрін білгісі келген балаға тәрбиеші бағыт-бағдар беріп, көмек көрсетіп, тексеру, нұсқау тәрбиешінің тікелей міндеті.

Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады.

Шын жүрекпен қалаған кәсіп пен таза тер төгілген еңбек арқылы өмірлік абырой-беделді, қоғам алдындағы құрмет сыйға ие болуға болады.

Ал, тәрбиеші болу – айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп, тер төгіп жүрген жандар ғана түсінеді. Бір мезетте алдындағы жиырма - жиырма бес балаға қарау, көңіл бөлу, олармен тілдесу тек сырт көзге ғана оңай жұмыс.

Тәрбиешілер елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеуші. Өйткені, жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін анасынан кейінгі сіңірушісі, үйретушісі.

Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды дариды.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы» деген ұлы Абай. Сондықтан жас ұрпаққа мейірім шапағатпен, еңбекке баулу мен қоса Отанға деген, Ана тілге деген, жас ұрпаққа деген махаббатын нығайта отырып, оларға тура бағыт бағдар беру біздің тікелей міндетіміз болып табылады.

Менің педагогикалық ұстанымым үнемі жаңалыққа ұмтылып, әр баланың бойына жақсылық құйып, дұрыс тәрбиелеу.

Баламен жұмыс істеу дегеніміз үнемі творчестволық ізденісте жүру, өз біліміңді жетілдіру, заманауи болу.

Бүгінгі заман талабын ескере отырып технологиялық инновацияны игере білуге, оны балалармен жұмыс істеу барысында қолдану, әр баланың жеке дара интеллектуалды қасиетін ашуда тәрбиешінің берер тәлім-тәрбиесі үздіксіз болуы шарт.

Тәрбиешінің жеке басының үлгісі - жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі-әдістердің бірі.

№ C00058 10.06.2021 ж

Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі.

РАХИМБЕКОВ МЕЙРБЕК ДАЛЕЛХАНОВИЧ

ШҚО Абай ауданы Қарауыл ауылы ЖББ Қарауыл гимназиясы КММ

Дене шынықтыру пәні мұғалімі

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты.

А.Шопенгауер

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр—ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады.

Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

1. Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.

2. Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.
3. Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.
4. Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.
5. Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.
6. Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.
7. Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.
8. Жалпы мектепішілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепішілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт» деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.

№ C00059 10.06.2021 ж

Жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгереміз

ТОПЧАКОВА ЗАРИНА ЖУМАНТАЕВНА

*Жамбыл облысы, Қордай ауданы, № 1 Д.Қонаев атындағы
мектеп- гимназиясы. Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2006 жылғы наурызда «Қазақстан - өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына жасаған жолдауында:

«Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет»- деп атап көрсеткен болатын.

Қазақстан бүгінгі күні қарқынды дамыған заман талабына ілесу үшін болашақ ұрпаққа берілетін білім мен тәрбие саналы да сапалы болатындай Отанымыздың жарқын болашағына қызмет ететіндей болуы керек. Елу елдің қатарына өткелі тұрған уақытта сапалы білім болуы қажет. Әрбір қоғам мүшесінің бойында адамгершілік рухани қасиеттерімен орын алуы тиіс.

«Өзін-өзі тану» бағдарламасы Қазақстандағы ең тиімді бағдарламалардың бірі деп ойлаймыз. Себебі бүлдіршендерді ізгілікке үйретіп тәрбиелеудің ең бір тиімді жолдарын көрсетіп отыр. «Өзін - өзі тану» пәнінің болашағынан үлкен үміт күтеміз.

Бүгінгі таңда рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап, адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым - қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаны шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы және оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда, қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту жас ұрпаққа тәрбиемен білім беру технологияларын жетілдіруде « Өзін - өзі тану » сияқты бірегей курстың шүбәсіз өзектілігі мен маңызы зор. Оның аясында жалпыадамзаттық құндылық, адамгершілік бағдарларын жоғалтқан қазіргі замандағы технократикалық өркениетті тажалдан – тек адамның рухани көзінің ашылуы, оның өзінің жоғарғы рухани субстанцияға бастапқы қатынасын сезінуі ғана құтқара алуы мүмкін. «Өзін- өзі тану» пәні адамзатқа ортақ, планетарлы импульс пен бір уақытта ұлттың жалпыадамзаттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңірудегі рухани бастаудың қайнар көзі.

« Өзін - өзі тану » пәнінің әлемде теңдесі жоқ пән ретінде Қазақстанның білім беру саласына енгізілгені және рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи негіздерін айқындауға әлемдік рухани тұлғалардың идеяларына сүйене отырып заманауи ғылымдағы рухани бастауларға баса назар

аударылып, Қазақ мәдениетіндегі рухани-адамгершілік білімнің маңызын аша түсуде.

Құндылықтар туралы мәселені алғаш рет көтерген Сократтың ой тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, сұрақтар қою арқылы өзгелерді танығандығын, оны игілік тұрғысында қарастырады. Сократ философиясының мақсаты адамды ізгілікке тәрбиелеу деп түсінді және адам оған өзін тану және өзін сынау арқылы жете алады. Оның әйгілі «Менің білетінім – мен ештеңе білмеймін, басқалар оны да білмейді», «Өзіңді - өзің танып біл!», «Әр адамның бойында күн бар, нұр бар, тек оның нұрлануына мүмкіндік беріңдер» деген қағидаларының негізгі мазмұны да осы. Сократтың ойынша, белгілі бір асыл қасиет туралы білім жинаған адам сол қасиетке жете алады, бәрі адамның өзіне байланысты, адам тәнін емес, рухын, жанын шындауға үнемі ұмтылуы тиіс, себебі, жаны бақытқа бөленген адам ғана бақытты.

Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне грек философтарынан басталса да, «Өзін- өзі тану» пәні ұлы ғұлама ойшылдарымыздың тұжырымдарына негізделгендігімен құнды. Оны өз заманындағы ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы, оқымысты Жүсіпбек Баласағұнның «Ізгілік ілімі», Қожа Ахмет Яссауидің «Хал ілімі», Әбу Насыр Әл – Фараби «Жан қуаты ілімі», Абай Құнанбаевтің «Толық адам», «Имани гүл ілімдері», Шәкәрім Құдайбергеновтің «Шын адам», «Ар ілімі» тағылым мен тәрбиенің тірегі болуында.

Оқушылардың адамгершілік қасиеттері мен жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуда «Өзін- өзі тану» пәнінің рөлі **біріншіден**, рухани – адамгершілік білімнің қазіргі әлемдегі басымдылығы, «Өзін- өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи кезеңдері, Заманауи білім кеңістігін ізгілендірудің жаңа тәсілдемелері. Рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық – педагогикалық негіздері, өзін - өзі тану пәні басқа пәндердің интеграциясы, сабақтан тыс іс - әрекеттер арқылы «Өзін - өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының жүзеге асырылып жан – жақты талдау жасалуда.

Екіншіден, Өзін - өзі тануды оқытудың аксиологиялық аспектілері, Ақиқат, Сүйіспеншілік, Дұрыс әрекет, Ішкі тыныштық және қиянат жасамауды жалпы адамзаттық құндылық ретінде қарастырылған «Өзін - өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасындағы мұғалімнің рөлі және шынайы көшбасшыға тән адамгершілік қасиеттер айқындалып, нақты мысалдармен дәйекті дәлелдер келтіріледі.

Үшіншіден, «Өзін - өзі тану» пәнінің құрылымдық мазмұндық және әдістемелік сипаттауда сабақтағы жағымды ойлау, әңгімелеу әдісін терең рухани – адамгершілік құндылықтарға бағыттау, ән айту мен музыканың

маңызына жан – жақты тоқталады. Ата – аналармен байланыс жасау жолдары және сыныптан тыс іс – шараларды өткізудегі теория мен тәжірибиенің сабақтастығы қарастырылатыны маңызды.

Төртіншіден, Өзін - өзі тану пәні адам оқу білім алу үшін алдымен қоршаған дүниені, табиғат құбылыстарын танып - білу арқылы табиғатты аялап, ізгілікке баулу ұлттық тамырдан нәр алады, табиғатқа деген адам көзқарасының дұрыс бағытта болуы оның ой – сезіміне әсер етіп, мінез құлқын жетілдіру арқылы жүзеге асады.

Бесіншіден, өзін - өзі тану пәнін оқытуда сүйіспеншілік, сенім, шығармашылық шабыт атмосферасын құру, өзін - өзі зерделеуде өзін - өзі интуитивті түрде ұғынуға жағдай жасалады. Рухани адамгершілік білім беру үдерісінде тек жағымды және ізгі әдістерді қолдану көзделуде. Өзін - өзі тану сабақтарындағы жағымды ойлау, жағымды күйге келу әдісін қолдану арқылы: тәртіп, өзін - өзі қадағалау, денсаулық, зейін қою, ақылдың байсалдылығы, ес, интуиция, басқаларға деген сүйіспеншілік, ішкі тыныштық орнатуға болатынын, ішкі тыныштық орнағанда еш уақытта қиянат жасалмайтындығы ақиқат.

Алтыншыдан, өзін- өзі тану пәнінің негізгі идеясында бүгінгі қоғамда білім беруде сыртқы білім: сыртқы дүниені зеттейді, китаби білімге негізделген, қалауларды оятады, дүниеде күн көру үшін қажет деп есептейді, ақыл мен тәнге қарасты мәселелерді шешіп, мұндағы білім беру мақсаты ақпарат берумен шектеледі.

Рухани білім берудің яғни, ішкі маңыздылығы: ішкі рухани қасиеттерді аша ашады, адамның, баланың ішкі дүниесін зеттейді, өмірлік тіжірибиеге негізделген, әрбір адамның жүрегіне жасырынған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындайды, білім беруді өмірлік мақсаттармен байланысты қарастырады, интуицияны дамытады және ақылмен ойлап, жүрекке жүгіне отырып әрекет ететіндігін нақты дәлелдейді.

Жетіншіден, Өзін - өзі тану пәнін өткізетін мұғалім қандай болу керек? деген сауалға жауап іздеуде әрине, көрнекті педагог, ізгілік педагогикасының негізін қалаушы Ш.А.Амонашвили: « Мектепті емес, мұғалімнің рухани дүниесін реформалау қажет » деген ой тұжырымы басты ұстаным ретінде алынған. Оны мына сөздерден көреміз: « Оқушыға білім ұшқынын шашу үшін мұғалім өз бойына телегей теңіз нұр жинау керек. Мұғалім өз сабағын сәулендіретін нұрды қайдан алады? ... Мұғалім өз бойындағы рухани әлемінен алады, егер ол әлем әсемдікке және асқақтыққа толы болса...» деген сөзінен ізгіліктің иісі аңқиды. Ол ізгілік педагогикасының үш постулатын айқындап берді.

Баланың бойындағы рухани адамгершілік білімге сенім.

Өз бойындағы рухани адамгершілік білімге сенім.

Ізгі әдіс – тәсілдердің күшіне деген сенім – болуын үнемі өзі қадағалап отыруы шарт деп есептейді.

Мұғалім – шабытты еңбек етіп, шеберлігінің шыңына жету үшін - баланың таным – түсінігін жете қадағалап, дамыта отырып, рухани бастауларға жол ашу арқылы, оқу әрекетіне қызықтыра білу, ізденіске, жаңалыққа ұмтылдыра алу қажет деп ойлаймыз. Ол үшін мұғалімге басты екі қасиет қажет: біреуі қарапайымдылық, өз кемшіліктерін түсінетін, екіншісі кемелденуге тілек, өз кемшіліктерінен құтылу үшін. Ұстаз деген мамандық Алладан берілген СЫЙ – екенін сезіне білу керек. Сонымен ойымызды қорытындылай келе, оқушылардың адамгершілік қасиеттері мен жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуда «Өзін- өзі тану» пәнінің алар орны ерекше. « Өзін - өзі тану » пәні жас ұрпақты өмірден өз орнын табуына бағыттай отырып, олардың кәсіби – тұлғалық жетілуін, интеллектуалдық дамуын қамтамасыздандырады, рухани – адамгершілік тәрбиесін жетілдіреді және қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытады. Осындай адами құнды, қоғамдық маңызды құндылықтарды бойларына сіңірген жеткіншектер елімізде қолға алынған жаңашылдық бағыттағы кеңестерге өз үлестерін қоса алатыны ақиқат.

Қазақстан - қызғалдақтың отаны

САГЫНДЫКОВА КУРАЛАЙ ДАУЛЕТБАЕВНА

Алматы қаласы , Алатау ауданы

«№ 183 бөбекжай балабақшасы» ҚМҚК Тәрбиеші

Күні : 18.02.2021ж

Білім беру саласы : Әлеумет. Қатынас. Шығармашылық.Таным.

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу. Сөйлеуді дамыту. Сурет салу .

Математика негіздері

Тақырыбы: «Қазақстан - қызғалдақтың отаны »

Мақсаты: Балаларға қызғалдақтың Қызыл кітапқа енгендігі жәйлі мағлұмат беру, Қазақстанда қызғалдақтың алатын орны туралы ,түрін,түсін,жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру. Үш көбелек ертегісінің желісі бойынша әдемілікті сезіне білуге үйрету. Табиғатты қорғауға адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Қызғалдақтың суреті, магнит тақтасы. Ойындар картотекасы.

Сөздік жұмыс: Қызғалдақ

Билингвальді компонент: Қызғалдақ - тюльпан

Тәрбиешінің іс –әрекеті:

Балалардың іс –әрекеті:

Ынталандыру сезімі:

Балалар, бізге бүгін қонаққа апайлар келіпті. Алдымен амандасып алайық.

Мемлекеттік Әнұранды орындау.

Шаттық шеңбері:

Қазақстан- біліп ал,

Қызғалдақтың отаны.

Қызғалдақпен шықты ғой,

Біздің елдің атағы.

Біздің қызыл гүлдер

Жапырақтарын жаяды.

Сәл үф етіп жел соқса

Діріл қағып тоңады.

- Балалар, бір жылда қанша мезгіл бар?

- Балалар ,қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс айларын атаңдаршы?
- Бүгін ақпанның нешесі?
- Бір аптада қанша күн бар?
- Апта күндерін айтып беріңдерші?
- Бүгін аптаның қай күні?
- Кеше ,ертең аптаның қай күні?
- Бүгін ауа-райы қалай болып тұр?

➤ Бір –бірімізге жақсы лебіздер айтып ,жылулық сезімін сыйлайық. Балалар гүл шоқтарын бір біріне ұсына отырып , өз тілектерін айтады. Рахмет балалар, бұл әдемі гүлдеріңді құмыраға салып қояйын біздің бүгінгі күнімізге қуаныш сыйлап тұрсын.

Балалар жартылай шеңбер болып орындықтарға отырады. Гүлім,гүлім өсе бер,

Әдемі боп, асыл боп.

Күндей жайнап кете бер,

Қызыл,сары жасыл боп.

Балалар, бұл өлеңде не туралы айтылып тұр? -Гүл туралы.

Балалар ,естеріңде болса жаратылыстану оқу қызметінен гүлдер туралы өтіп едік. Гүлдер қанша топқа бөлінеді? -Үш топқа : бөлме , дала,бақша гүлдері

Қандай гүлдерді білесіңдер? - Раушан, бақбақ гүлі,түймедақ гүлі.

Гүлдерді көргенде қандай сезімде боламыз? –Қуанамыз,көңіл күйіміз көтеріледі.

Тақтамен жұмыс

Қызғалдақ – тюльпан

Кең байтақ қазақ даласының қойнауы табиғи байлықтарға.алуан түрлі өсімдік түрлеріне аса бай. Соның бірі-көктем шыға көздің жауын алып,қырларда құлпырып ,жайнайтын қызғалдақ гүлі. Тамаша қызғалдақ гүлінің біздің жерімізде 34 түрі кездеседі. Осыдан болар Қазақстанның «Қызғалдақтың отаны»аталуы , шындығында аталмыш гүлдің қазақ даласынан бүкіл жер жүзіне таралғандығына ғалымдар нақты дәлелдер келтіруде.

Слайд көрсету.

Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі.

Кіп кішкентай балалар,

Үлкен болып өседі.

Біз гүлдерше өсеміз

Жапырағы жайқалған

Сабақтары салалы

Желмен бірге шайқалған.

Тосын сәт . Жаңбырдың дыбысы естіледі.

Көбелек болып киінген Айару ұшып кіреді.

➤ Раушангүл,раушангүл ! Далада жаңбыр қатты жауып кетті.Мені жаңбырдан тасалашы! –деп өтінеді.

➤ Сен алдымен менің жапырағымның астында жатқан тапсырманы орында.

➤ Көбелек саған біздің балалар көмектеседі.

Гүлді құрастыр ,атын, түсін, иісін ,санын және пайдасын атап бер,бөліктерін ата.

- О ,тамаша сарғалдақ ! Жаңбыр тоқтағанша сені ықтай тұрайыншы?!-деп өтінеді.
- Алдымен сен менің жапырағымның астында тұрған тапсырманы орында.
- Гүлдер жәйлі тақпақ айта аласыңдарма?
- Әли ,Әлихан, Алим, Ажар,Жантөре тақпақ айтып береді.
- Кім гүлдер жәйлі мақал мәтел біледі?
- Райана, Димаш айтады.
- Қызғалдақ,қызғалдақ мүмкін болса жаңбыр саябырлағанша сенің жапырағыңа тығыла тұрсам болама?
- Болады, сенде мен сияқты қызыл түсті көбелек екенсің. Менің жапырағымның тұсында тапсырма бар. Көрші.
- Кәрзеңкедегі гүлдерді тура және кері сана.

Тәрбиеші :

Қорапшадағы сандарды алып сәйкес аймақтарға бөлініңдер.
(Балалар әр үстөлге қойылған гүлдер санымен сәйкестеніп отырады)

Көбелек :

Жұмбақ жасыру

Осы гүлдің отаны –

Қазақтың кең даласы

Көктемде дала құлпырып

Қып - қызыл болар қарашы. (Қызғалдақ)

- Қызыл көбелек, сенде балалармен шығармашылық аймағына қатысып көр.Оған дейін жаңбырда басылып қалар.

-Ия

Тақтаға жұмыс барысын көрсету. Тазалық ережелерін еске түсіру.

Балалар қолдарына жең қолғаптарын киеді.

1 ші топ қызғалдақты акварель красками картоппен бастырып салады.
(қызыл түспен)

2 ші топ қызғалдақты шанышқымен салады (сары түспен)

3 ші топ қызғалдақты саусақпен салады (күлгін түспен)

Жұмыс барысында музыка қою.

Балалар, салған суреттерің қандай әдемі шықты. **Қане иіскеп көрейікші.** –
Иісі неткен керемет!

Дидактикалық ойын: «Топтастыр»

Шарты : Заттарды санмен бірдей етіп топтастыру.

Қорытынды:

Балалар, біз бүгінгі оқу қызметінде не туралы өттік?

Қазақстанды неліктен қызғалдақтың отаны деп атайды екен?

Қызғалдақтың қанша түрі бар?

Біз гүлдерді көргенде қандай сезімде боламыз?

Мақтау, мадақтау

Салған суреттерің қандай әдемі ! Балалар сендерге көп рахмет! Оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар!

Кім тақырыпты түсінбеді , айтыңдар? Кімге оқу қызметі ұнады?

Өмірлерің гүлдей жайнап өсіңдер, мектепке барғанда алғыр, білімді оқушы болыңдар!

-Балалар, олай болса бүгінгі ашық оқу қызметімізді әдемі өлең жолдарымен аяқтайық.

Балалар қайталайды.

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,

Қызыл гүлдер, көк гүлдер.

Өсе берші нұрланып,

Өсе берші ырғалып.

Көріскенше күн жақсы

Сау саламат болалық!

Бұл сендерге үйге тапсырма , жаттап алыңдар.

Ән : ағылшынша

Ұлдар оригами қызғалдақтарды қонақтарға сыйлайды.

Көбелек:

Достарым! Сендер өте ақылды, білімді, тіпті суретшіде екенсіңдер! Менің сендерге алып келген тәттілерімді қабыл алыңдар!

Тәрбиеші :

Көбелек, біздің балалар салған суреттерін саған сыйлайды, қабыл ал!

➤ Ой рахмет! Енді алаңқайда гүлдер тіпті көбейіп иісі аңқып тұратын болды деп ұшып шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білуі керек: Гүлдің түрлерін.

Нені игерді: Қызғалдақ өте нәзік және ол қорғауға алынған гүл.

Нені біледі: Қызғалдақты дәстүрден тыс әдіспен салады.

Балалардың тілін ертегілер арқылы дамыту

АНДАКУЛОВА НУРГУЛЬ КЕНЕСБЕКОВНА

*Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы Шаян ауылы
Аружан бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі*

Мектепке дейінгі балалар білім мен тәрбиені балабақшадан алады. Әрбір тәрбиешінің міндеті саналы, адамгершілігі мол ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Баланың алғашқы қадамы және қоғаммен араласуы балабақшадан басталуы да сондықтан деп білемін.

Бала тәрбиесі отбасынан басталып, балабақшада жалғасын табады. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады.

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол баланың бойындағы қасиеттерінің қалыптасуына жол ашады. Ертегі арқылы еңбекке, шыншыл болуға, туған жерін сүйуге, батыр да батыл болуға тәрбиелейміз. Ертегі тыңдау арқылы бала оған қызығып еліктейді.

Ұлы педагог В. А. Сухомлинский: «Үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр тұлға өзінің рухани дамуына қажеттінің бәрін де ертегіден алады» деп айтқандай, мен өз тәжірибемде, мектеп жасына дейінгі балалардың тілін және сөйлеу қабілетін ертегілер арқылы дамытамын.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың кітапқа деген қызығушылығын оята отырып, ертегі кітаптарды тыңдай білуге үйрету, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Ертегі – қай халықтың болсын ертеден келе жатқан көне жанрларының бірі болып келеді. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа ертеден таралып келе жатқан мұра десекте болады. Ертегілер өз сюжетіне қарай халық ертегісі, тұрмыс-салт және жануарлар туралы, қиял-ғажайып ертегілері болып бөлінетіні бәрімізге мәлім.

Осы ертегілерді бала бойында ұмытылмастай етіп қалдыру үшін, ертегіні әр түрлі әдіс-тәсілдермен жеткізуге болады.

Мен балаларға ертегіні оқып қана қоймай, рөлге бөліп ойнатамын. Бейнетаспа арқылы ертегілерді көрсете отырып, кейіпкерлердің мінез-құлықтарына, әрекеттеріне назар аудартамын.

Өйткені ертегілер ішінде жақсылық пен жамандық, батырлық пен жауыздық, қорқыныш пен әділетсіздік бәрі бірге жүреді. Ертегілерді сахналатуда балаларға кейіпкерлердің мінез-құлықтарын эмоция, дауыс ырғағы арқылы көрсете отырып, әрбір кейіпкердің жақсы жағын үйренуге, жаман жағынан жиренуге тәрбиелеймін.

Өйткені мектеп жасына дейінгі балаларға, «жылы дауыспен» айтылған ертегілер, жұмбақтар, қызықты әңгімелер, тақпақтар балалардың жан дүниесіне әсер етеді және ақыл-ойын тез жетілдіреді деп ойлаймын.

Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала, ақылды, ойы зерек болып өседі. Ертеректе әжелеріміз «Ерте, ерте, ертеде...» деп балаларды ошақбасына жинап алуы да сондықтан. Ертегілер арқылы баланы тәрбиелеудің маңызы зор, ертегі баланы:

- Сюжетті сахналай білуге;
 - Өз пікірін айта білуге;
 - Сөйлеу қабілетін дамытуға;
 - Ауызша сөйлегенде сөздік қорын арттыруға;
- Жағымды жағымсыз қасиеттерді ажырата білуге үйретеді.

Мәселен, «Шалқан» ертегісінің кейіпкерлерінің бет-пердесін қолданып ойнатуға болады. Мұндағы ертегі кейіпкерлерін ойнаған (шалқан, атай, әжей, немере қызы, күшік, мысық және тышқан) балалар әр рөлге ене отырып, кейіпкерлердің көңіл-күйін сезініп, өз эмоцияларын білдірді, дауыс ырғағын сала отырып, қимыл-қозғалыс арқылы жоғары деңгейде сахналауға болады. Бұл ертегі арқылы балалар отбасындағы татулықты, ауызбіршілікті көрсетті.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау негізінде жобасы іске асырылуда. Соның негізінде күнделікті күннің бірінші жартысында таңғы асқа дейін балалармен бірге ертегі-кітаптар оқу. Кейін сол оқыған ертегілерді талқылап, ертегі әлеміне саяхат жасап, кейіпкерлерді ермексиз арқылы мүсіндеп, суретін саламыз. Кейде балалармен ертегіні қайта жазу, толықтыру тәсілін пайдаланып, ертегінің соңын өзгертіп, тіпті кейіпкерлерді алып тастау немесе қосу арқылы баланың ішкі әлемін босатып, сиқыршы болуға да мүмкіндік беру. Осы ертегі арқылы бала бойындағы шығармашылық қасиеттерін ашу арқылы қызықтыру.

Сондай-ақ балаларға ертегілерді үйретуде заманауи технологияларды қолдану.

Фетрден жасалған «Ертегі-үйшікте» бір емес, бірнеше ертегі кейіпкерлері жасырылған. Ондағы ата мен әже бір емес, бірнеше ертегіге қатыса алады. Сондықтан бұл «ертегі-үйшік» бірнеше ертегілерді топтастырып, толықтырып отырады.

Балаларды тәрбиелеуде ертегілерді күнделікті ұйымдастырылған оқу-қызметінде, тәрбие барысында үнемі қолданысқа енгізу. Балаларға ертегілерді оқи отырып, балалардың қызығушылығын оятып, сөзді тыңдай білуге, анық сөйлеуге үйрете отырып, адамгершілікке тәрбиелеіміз. Ертегілердің тіл дамыту құралы болып табылатыны сондықтан да баршамызға мәлім екені белгілі.

Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі

МИРЗАХМЕТОВА МАЙРА ОРЫНТАЕВНА

*Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Шаян ауылы
Аружан бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі*

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Баланың мектепте оқуға дайындығы оның сенсорлық дамуына байланысты болады. Нәтижесінде әріптерді жазуда, суретті салуда қисықтық, еңбек сабағында жасаған заттарында дәлдік жоқ болады. Кейде бала дене шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жежетін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр. Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты-баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі. Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие.

Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2- жастан бастап бағдарламаның талаптары:

8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша таңдау;

Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;

Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын белгілеу, үлгі бойынша қою (әртүрлі шамаларды қосымша беттерге жайып қойып немесе тақтайшада ұқсас формаларға орналастыру).

4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүтін қойма текшелерді құру

Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);

Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш) байланыста бағдарлау;

Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;

Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;

Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады».

№ C00063 11.06.2021 ж

Ойын арқылы баланың тілін дамыту

СЕЙДАЛИЕВА НҰРГУЛ АЯТБЕКҚЫЗЫ

*Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян ауылы
Аружан бөбекжай-алабақшасының тәрбиешісі*

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес».

В.А. Сухомлинский

I. Кіріспе бөлімі. Балабақашағы оқыту- тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым- қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

-балалардың сөздік қорларын, дамыту;

-жаңа сөздерді меңгерту;

-үйреген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды.

Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы.

Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады.

Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.

Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерде педагогикалық процестер барысында баланың көңіл-күйін анықтап, психологиялық мотивтерді туындатып, жағымды мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Психологиялық жаттығулар баланы үлкендермен және достарымен қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірлерін айтып жеткізе білуге көмектеседі. Ойын жаттығулар арқылы баланың білімділік дағдыларын күнделікті іс-әрекетте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылады.

Психологиялық ойын-жаттығулар баланың жан дүниесінің, рухани жай-күйінің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Баланың сезім әрекетін, әсерленушілік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуғы, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс- әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, сол ойындардан үлкен де мәнді, мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз.

Өйткені ең алдымен не нәрсенің болсын жөн бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Сондықтан да ойын бала бойындағы қандай да бір өнердің бастауы деп білеміз. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма- жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді., таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл- ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық- саусақ ойыны.

Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан- жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

II. Негізгі бөлім. Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек.

Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне -өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Қазіргі кезде баулы ойыншықтардың көбейгенін немен түсіндіруге болады. Қазіргі ата – аналарда мұндай ойыншықтар болған жоқ қой, сонда олар осындай қалыпты деңгейге қалай жетті?

Бір түсінбейтін нәрсе, осының бәрі не үшін керек?

Қазіргі кездің балаларында жалпы моторлық артта қалушық байқалады екен. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Мысалы, баланың бас бармағын жаймен сипап отырып, оған былай деңіз: «Саусақ – бала сен қайда болдың?» Содан соң бас бармақты балан үйрекпен түйістіре отырып, «мына саусақпан орманға бардым», ортан түйрекпен түйістіре отырып, «мына саусақпен ши пісірдім».

Балаларға бұл жаттығу қатты ұнайды, уақытты да көп алмайды.

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

МУРАТОВА ГУЛАИМ КАБДЫКАРИМОВНА

Павлодар облысы, Май ауданы, Май аулы. Май жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Мақсаты: Критериалды бағалау жүйесін қолданудағы іс-тәжірибемен бөлісу, аталған бағалау жүйесінің артықшылығы мен маңыздылығына тоқталу.

Елбасымыз Н.Ә Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген.

Ел ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шыңдайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін өз тәжірибесінде шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, оны сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе жасап, АКТ-ны қолданып, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білетіндей, функционалды сауатты, шығармашылықпен жұмыс жасай алатындай дәрежеге жеткізу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді.

Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ынтасын оятады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі.

Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады.

Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты.

Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты.

Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі.

Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды.

Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс.

Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда.

Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған.

МАЗМҰНЫ

- АХМЕТОВА САМАЛ ЕРСАИНОВНА
- КУРБАНБЕКОВА ГУЛЖАНАР АЛИМХАНОВНА
- ЧАПЫГЫЕВА ТУРГАНАЙ АБЫЛКАСЫМОВНА
- ДАРЬЯБАЕВА МЕРЕКЕ ЕСИМБЕКОВНА
- РАХИМБЕКОВ МЕЙРБЕК ДАЛЕЛХАНОВИЧ
- ТОПЧАКОВА ЗАРИНА ЖУМАНТАЕВНА
- САГЫНДЫКОВА КУРАЛАЙ ДАУЛЕТБАЕВНА
- АНДАКУЛОВА НУРГУЛЬ КЕНЕСБЕКОВНА
- МИРЗАХМЕТОВА МАЙРА ОРЫНТАЕВНА
- СЕЙДАЛИЕВА НҰРГУЛ АЯТБЕКҚЫЗЫ
- МУРАТОВА ГУЛАИМ КАБДЫКАРИМОВНА